

# Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің саны және жалақысы

Жариялау күні: 13.05.2026

Келесі жариялау күні: 12.08.2026

## [1. Негізгі сәттер](#)

## [2. Жалақы динамикасы](#)

## [3. Кәсіпорындардағы бос жұмыс орны және жұмыс күшінің қозғалысы](#)

## [4. Глоссарий](#)

## [5. Әдіснамалық түсініктемелер](#)

## [6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер](#)

## [7. Пайдалы сілтемелер](#)

### [1. Негізгі сәттер](#)

2026 жылғы I тоқсанда Қазақстан Республикасы бойынша орташа айлық жалақысы 2025 жылғы тиісті тоқсанға қарағанда 9,1%-ға өсіп, 461486 теңгені құрады.

Қазақстан Республикасындағы жалақының медианалық мәні бағалау бойынша 2026 жылдың I тоқсанында 331527 теңгені құрады.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 85000 теңге мөлшерінде белгіленді.

### [2. Жалақы динамикасы](#)

2025 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда орташа айлық жалақысы 9,1%-ға өсті, нақты жалақы индексі 97,7% құрады.

Өткен тоқсанымен салыстырғанда орташа айлық жалақысы 97,5%-ға төмендеді, нақты жалақы индексі 94,8% құрады.

Қазақстан Республикасындағы тоқсандар бойынша атаулы және нақты жалақы индексі




Қазақстан Республикасындағы жалақы

	Орташа атаулы айлық жалақысы			Нақты жалақы индексі, пайызбен		Айлық жалақының медианалық мәні (бағалау), теңге
	теңге	пайызбен		өткен тоқсанға	өткен жылғы тиісті тоқсанға	
		өткен тоқсанға	өткен жылғы тиісті тоқсанға			
<b>2025</b>						
I тоқсан	423133	97,3	110,7	94,0	101,2	303975
II тоқсан	448620	106,0	111,3	102,4	100,0	322284
III тоқсан	429368	95,7	110,0	93,3	98,0	308454
IV тоқсан	473158	110,2	108,8	107,6	96,8	339912
<b>2026</b>						
I тоқсан	461486	97,5	109,1	94,8	97,7	331527

Өңірлік бөліністе 2025 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда 2026 жылдың I тоқсанында орташа айлық атаулы жалақының ең көп өсуі Абай облысында – 14,2%-ға, Павлодар облысында – 12,4%-ға, Жетісу облысында – 12,2%-ға, Алматы облысында – 10,9%-ға және Алматы қаласында – 10,7%-ды құрады.

### 2026 жылғы I тоқсандағы өңірлер бойынша қызметкерлердің орташа айлық жалақысы



2025 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда орташа айлық жалақының ең жоғары өсуі ауыл, орман және балық шаруашылығы – 20,3%-ға, қаржы және сақтандыру қызметі – 18,1%-ға, көлік және жинақтау – 12,9%-ға салаларында байқалды. Өнеркәсіпте орташа айлық жалақы – 11,6%-ға өсті, оның ішінде сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет саласында – 16,5%-ға, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау саласында – 14,7%-ға.

2025 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда орташа айлық жалақының ең төменгі өсуі денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету–7,0%-ға, білім беру салаларында – 4,2%-ға және ақпарат және байланыс саласында– 2,8%-ға байқалды.

Салалық құрылымда ең жоғары атаулы жалақы тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу – 2,3 есе, қаржы және сақтандыру қызметі – 2,2 есе, ақпарат және байланыс – тиісінше 1,9 есе жоғары болып тіркелді.

### 2026 жылғы I тоқсандағы экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақысы\*

	Орташа айлық атаулы жалақысы			Нақты жалақы индексі, пайызбен	
	теңге	пайызбен		өткен тоқсанға	2025 жылғы тиісті тоқсанға
		өткен тоқсанға	2025 жылғы тиісті тоқсанға		
Экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша	461 486	97,5	109,1	94,8	97,7
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	299 513	80,1	120,3	77,9	107,7
Өнеркәсіп	696 725	100,9	111,6	98,2	99,9
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1 068 068	109,1	108,8	106,1	97,4
Өңдеу өнеркәсібі	591 537	98,3	114,0	95,6	102,1
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	477 720	85,1	114,7	82,8	102,7
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	333 310	86,7	116,5	84,3	104,3
Құрылыс	536 800	94,8	110,5	92,2	98,9
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	430 171	97,5	108,5	94,8	97,1
Көлік және жинақтау	654 342	102,1	112,9	99,3	101,1
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	365 066	95,8	104,6	93,2	93,6
Ақпарат және байланыс	883 837	100,0	102,8	97,3	92,0
Қаржы және сақтандыру қызметі	1 010 271	102,3	118,1	99,5	105,7
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	360 960	96,8	109,2	94,2	97,8
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	638 235	87,3	106,8	84,9	95,6
Әкімшілік және қосалқы қызмет	377 964	99,4	108,1	96,7	96,8

көрсету саласындағы қызмет					
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	403 447	95,5	111,4	92,9	99,7
Білім беру	315 100	95,8	104,2	93,2	93,3
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	334 768	94,8	107,0	92,2	95,8
Өнер, ойын-сауық және демалыс	293 671	88,1	103,1	85,7	92,3
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	362 123	99,5	109,5	96,8	98,0

\* Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда.

## **Электрондық кестелер:**

[Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің саны және жалақысы](#)

## **Динамикалық кестелер:**

[Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша орташа айлық жалақы](#)

[Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша атаулы жалақы индексі](#)

[Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша нақты жалақы индексі](#)

[Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа айлық жалақы](#)

[Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша атаулы жалақы индексі](#)

[Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша нақты жалақы индексі](#)

[Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы айлар, тоқсандар бойынша](#)

[Қазақстан Республикасындағы атаулы жалақы индексі айлар, тоқсандар бойынша](#)

[Қазақстан Республикасындағы нақты жалақы индексі айлар, тоқсандар бойынша](#)

## **3. Кәсіпорындардағы бос жұмыс орны және жұмыс күшінің қозғалысы**

2026 жылдың I тоқсанының соңында кәсіпорындар мен ұйымдардағы бос жұмыс орындарының (талап етілетін қызметкерлердің) саны 59074 бірлікті құрады және өткен тоқсанымен салыстырғанда 2874 бірлікке төмендеді. Оның ішінде салалық құрылымда 29,6% өнеркәсіптегі бос орындарды құрайды, 16,8% – мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандырудағы және 10,5% – көлік және жинақтаудағы бос орындар.

Өңірлер арасында бос орындар саны бойынша Алматы қаласы – 12754 бірлік, Астана қаласы – 7112 бірлік, сондай-ақ Павлодар облысы – 6145 бірлік және Қарағанды облысы – 4145 бірлік көшбасшы болып табылады.

## **Электрондық кестелер:**

[Қазақстан Республикасының кәсіпорындарындағы жұмыс күшінің болуы және қозғалысы](#)

## **4. Глоссарий**

Жалақы – бұл экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың, атап айтқанда жалдану бойынша жұмыс істейтін адамдар табысының едәуір бөлігінің басты нысаны болып табылады. Жалақы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер.

ХЕҰ стандарттарына сәйкес еңбекақының негізгі төрт тобын бөліп көрсетеді:

- 1) тарифтік мөлшерлеме мен лауазымдық айлықақылар бойынша есептелген жалақы;
- 2) біржолғы төлемдер мен сыйлықақылар;
- 3) жұмыс режимі мен еңбек жағдайларына байланысты өтемақы төлемдері;
- 4) Жұмыс өтелмеген уақытқа ақы төлеу.

Орташа айлық атаулы жалақысы есептелген жалақы қорының сомасын қызметкерлердің нақты санына және есепті кезеңдегі айлар санына бөлу арқылы анықталады.

Атаулы жалақы индексі – есепті кезеңде базистік кезеңмен салыстырғанда жалақының өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

Нақты жалақы индексі – есепті кезеңдегі бағаның өзгеруін ескере отырып базистік кезеңмен салыстырғанда атаулы жалақының өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Атаулы жалақы индексі тауарлар мен қызметтердің тұтынушылық бағасының индексіне бөлу жолымен анықталады. Екі индекс те бір және сол уақыт кезеңіне жатады.

Медиандық жалақы – есептелген жалақы мөлшері бойынша қызметкерлер санын бөлу қатарының ортасында тұрған және оны тең екі бөлікке бөлетін төмен және жоғары медиандық жалақымен жалақы мөлшері.

## **5. Әдіснамалық түсініктемелер**

Тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, қызметкерлердің саны 100 адамнан асатын,

сондай-ақ «Шағын кәсіпорын қызметі туралы» (индексі 2-МП) статистикалық нысан бойынша есеп беретіндерден басқа, саны 100 адамға дейін экономикалық қызметтің барлық түрлерінің заңды тұлғалары мен олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері еңбекақы статистикасы бойынша мемлекеттік статистикалық байқаулардың объектілері болып табылады.

Орташа айлық жалақыны, жалақы қорының құрамын, жұмыс берушінің жұмыс күшіне жұмсаған шығындарын мемлекеттік статистикалық байқаулар үздіксіз әдіспен жүргізледі.

Орташа айлық жалақы туралы деректердің көзі "Еңбек бойынша есеп"(индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық, жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқау болып табылады. Осы статистикалық байқау бойынша барлық ірі, орта және шағын кәсіпорындар (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда) тексеруге жатады.

## **6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер**

[Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің саны мен жалақысы](#)

[Қазақстан Республикасының кәсіпорындарындағы жұмыс күшінің болуы және қозғалысы](#)

## **7. Пайдалы сілтемелер**

["Еңбек бойынша есеп" 1-Т статистикалық нысаны \(кезеңділігі тоқсандық\)](#)

[Орташа айлық атаулы жалақы / "Талдау" Ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

<b>Шығаруға жауапты:</b> Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті	<b>Департамент директоры:</b> Н. Белоносова Тел. +7 7172 749022	<b>Орындаушы:</b> А.Азнабаева Тел. +7 7172 749554 E-mail: ai.aznabaeva@aspire.gov.kz	<b>Мекенжай:</b> 010000, г. Астана Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министерліктер Үйі, 4 кіреберіс
---	---	---	--

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы